

Өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша қорытынды

Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№43 «Батыр» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (білім беру ұйымының атауы)

«№43 «Батыр» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК өзін-өзі бағалау комиссиясы «Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» РММ төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды» басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» бұйрығы негізінде 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша бөбекжайдың негізгі бағыттары мен зерттеу объектілері бойынша материалдарды талдады, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі қарастырылған білім беру қызметтеріне өзін-өзі бағалау жүргізді.

Өзін-өзі бағалау бөбекжайдың 2023 жылғы 1 маусымдағы №16нқ бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда өткізілді:

1. Токсабаева Жадра Шавкаровна – директор, комиссия төрағасы;
2. Мырзағұл Бақыт Жантуғанқызы – әдіскер, комиссия мүшесі;
3. Айтбаева Батима Боранбаевна – шаруа меңгерушісі, комиссия мүшесі;
4. Кошакова Гүлден Бердиевна – есепші, комиссия мүшесі;
5. Наурызбаева Алия Маратовна – психолог, комиссия мүшесі;

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

Білім беру ұйымының толық атауы.

Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№43 «Батыр» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Білім беру ұйымының орналасқан жері (занды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы).130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14 шағын аудан, №11ғимарат.

Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт).

Телефон: 8 (7292)34-35-37; **электронды почтасы:** yaslisad43@mail.ru

web-сайт- <http://sad43.skom.kz>

Занды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға

тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі).

Токсабаева Жадра Шавкаровна байланыс номері 77014400139, лауазымға тағайындау туралы 27.05.2022 жылғы №83 бұйрық.

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі).

БСН: 990640001559

Жарғы Маңғыстау облысы әкімдігінің 05.01.2021 жылы №3 қаулымен бекітілген.

Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).

Білім беру қызметіне лицензия 2015 жылғы 24 сәуір № KZ69RVK00002058 берілген «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді.

2. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

- 1) Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – **ҰОЖ**) талаптарына сәйкестігі;

Бөбекжайдың ресми сайтында <http://sad43.skom.kz> 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары бойынша оқу жұмыс жоспары көрсетілген.

2020-2021 оқу жылы он екі топтың №3 «Балапан» ортаңғы қазақ тобы, №4 «Айгөлек» ересек орыс тобы, №5 «Бөбектер» ортаңғы орыс тобы, №6 «Қызғалдақ» ортаңғы орыс тобы, №7 «Бәйшешек» мектепалды даярлық қазақ тобы, №8 «Жұлдыздар» мектепалды даярлық орыс тобы, №9 «Шағала» ортаңғы қазақ тобы, №10 «Гүлдер» мектепалды даярлық орыс тобы, №11 «Ақбота» ортаңғы қазақ тобы, №12 «Ақтолқын» ересек орыс тобы, №13 «Балдырған» мектепалды даярлық қазақ тобы, №14 «Балауса» мектепалды даярлық орыс тобының перспективалық жоспарлары мен циклограммалары және ұйымдастырылған оқу қызметі (ҰОҚ) кестелері бекітілген, **ҰОЖ (12.05.2020 жылы №195 бұйрығымен өзгерістер енгізілгені)** және Стандартқа (31.10.2018 жылғы №604 бұйрығына 1-қосымшасы) сәйкес келеді.

2021-2022 жылы он екі топтың №3 «Балапан» ортаңғы қазақ тобы, №4 «Айгөлек» ересек орыс тобы, №5 «Бөбектер» ортаңғы орыс тобы, №6 «Қызғалдақ» ортаңғы орыс тобы, №7 «Бәйшешек» мектепалды даярлық қазақ тобы, №8

«Жұлдыздар» мектепалды даярлық орыс тобы, №9 «Шағала» ересек қазақ тобы, №10 «Гүлдер» мектепалды даярлық орыс тобы, №11 «Ақбота» ересек қазақ тобы, №12 «Ақтолқын» мектепалды даярлық орыс тобы, №13 «Балдырған» ортаңғы қазақ тобы, №14 «Балауса» ересек орыс тобының перспективалық жоспарлары мен циклограммалары және ұйымдастырылған оқу қызметі (ҰОҚ) кестелері бекітілген, ҰОЖ (12.05.2020 жылы №195 бұйрығымен өзгерістер енгізілгені) және Стандартқа (31.10.2018 жылғы №604 бұйрығына 1-қосымшасы) сәйкес келеді.

2022-2023 оқу жылы он екі топтың №3 «Балапан» кіші жас қазақ тобы, №4 «Айгөлек» ересек жас орыс тобы, №5 «Бөбектер» орта жас орыс тобы, №6 «Қызғалдақ» кіші жас орыс тобы, №7 «Бәйшешек» ересек жас қазақ тобы, №8 «Жұлдыздар» мектепалды даярлық орыс тобы, №9 «Шағала» мектепалды даярлық қазақ тобы, №10 «Гүлдер» мектепалды даярлық орыс тобы, №11 «Ақбота» орта жас қазақ тобы, №12 «Ақтолқын» ересек жас орыс тобы, №13 «Балдырған» ересек жас қазақ тобы, №14 «Балауса» мектепалды даярлық орыс тобының перспективалық жоспарлары мен циклограммалары және ұйымдастырылған оқу қызметі (ҰОҚ) кестелері бекітілген, ҰОЖ (09.09.2022 № 394бұйрығымен өзгерістер енгізілгені) және Стандартқа (03.08.2022 жылғы №348 бұйрығына 1-қосымшасы) сәйкес келеді.

Балаларды оқыту мен тәрбиелеуге бағытталған баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру топқа сай жабдықталған, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру, жас тобына бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың дамуы мониторингін ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығы, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыратын жұмыстар жүргізілген. Тәрбиешілер балаларды оқыту мен тәрбиелеу барысында оқу жоспарында көрсетілген мақсаттар мен міндеттерге толықтай қол жеткізген. Балалардың дене және психологиялық дамуы жас ерекшеліктеріне сай. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкес жасалған және бекітілген. 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылында перспективалық жоспарлары мен циклограммалары ұсынылған. МАД тобының ұйымдастырылған іс -әрекетінің кестесі берілген.

- 2) Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылындағы аталған өлшемшарттар бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында бөбекжайдың мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсаты арқылы жұмысты жоспарлаған.

Осы міндеттерді орындау мақсатында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-тәрбие жұмысы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асыру көзделген.

Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген. Бөбекжайдың мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсаты арқылы жұмысты жоспарлаған.

Осы міндеттерді орындау мақсатында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-тәрбие жұмысы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылған.

Оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсат пен міндеттерге жеткен. Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген. Коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білімдерді, біліктер мен дағдыларды, өз бетінше оқу дағдыларын, балаларда қалыптастыру бойынша өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылында үлгілік оқу бағдарламасы бойынша тақырыптық материалдар топтамасын қолдануда.

Тәрбие мен оқытудың мазмұны - «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуниктивті дағды», «Танымдық және зияткерлік», «Шығармашылық дағды», «Әлеуметтік эмоционалды дағды» білім беру құзіреттіліктеріне негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асыруда. Перспективалық жоспарды педагогтер оқу жылына арналған өтпелі тақырыптардың (өткен екі оқу жылы бойынша) негізінде стандарт бойынша құрастырған. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін орындауда талапқа сай қарастырылған.

Өткен оқу жылдарында және 2022-2023 оқу жылында перспективалық жоспар құру барысында әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа ала отырып, перспективалық жоспар жасалып, педагогикалық кеңес шешімімен бекіткен. «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық хаттар басшылыққа алынған. Тәрбиешілер ұқсас тақырыптарды таңдау барысында аймақтық

ерекшеліктерді, балалардың жастарын, тәрбиешінің тақырыптық бағытын ескере отырып, шығармашылық күзiреттiлiк танытқан. Циклограммада санитариялық қағидалар талаптарына сәйкес балалардың жас ерекшелiктерiн ескере отырып, жасалып бекiтiлген. Циклограммада қабылдау, таңертеңгiлiк қабылдау, таңертеңгiлiк жаттығу, балалар әрекеттерi т.б. мiндеттер, мазмұны және ұзақтығы анықталған. Балалардың өз бетiнше жұмыс жасауына заттық-дамытушы орта жасақталып, балаларға мүмкiндiк жасалған. Дамытушы орта жабдықтары балалардың жас ерекшелiктерiн сақтай отырып жасалған. Бiлiм беру процесiнiң сапасын қамтамасыз ету мақсатында перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырылған. 2022-2023 оқу жылында баланың жас шамасына сай құрылған перспективтiк тәрбие мен оқыту жұмысы циклограмма арқылы жүргiзiлген.

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі- Үлгілік қағидалар) сақтау;

Баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалануға мүмкіндік берілген. Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік берілген.

2022-2023 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар 1 бала тіркелген, жұмыс жоспары жасақталып, бекітілген.

Инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда — оған қажетті онтайлы жағдайлар жасалған. Танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, «Марблс» тастары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтармен қамтамасыз етілген. Бөбекжайда кедергісіз орта құрылған.

Бөбекжай топтары мен оқу кабинеттері заттық-кеңістіктік ортаны ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес зоналар бойынша жарақтандырылған.

Психологтың кабинетінде тиісті жабдықтар: әдістемелік материал, техникалық жабдықтар, жылжымалы жиһаз, жұмсақ диван, танымдық сипаттағы ойыншықтардың алуан түрлілігі, әдебиеттер мен журналдар.

Логопед және дефектолог кабинетінің жабдыкталуы түзету-дамыту процесінде өте маңызды рөл атқарады. Кабинетінің жабдықтарына мыналар кіреді: үлкен қабырға айнасы, балалармен жұмыс істеуге арналған арнайы үстел айналары, жиһаз (балалар үстелдері мен орындықтар, логопедке арналған үстел мен орындық), көрнекі-әдістемелік құралдарды, білім беру ойындары мен әдебиеттерді сақтауға арналған сөрелер мен шкафтар, тиімді логопедиялық жұмысты қамтамасыз ететін дидактикалық және оқу материалы. Дефектолог маманның жұмысын қамтамасыз етуге арналған дидактикалық ойындар (санау, түс, өлшем, геометриялық пішіндер, тірі және өлі табиғат, жыл мезгілдері, кеңістікпен уақытты бағдарлау), сенсорлық дамытуға арналған дидактикалық ойын материалдары: (визуалды, аудио, тактильді) бар.

Бөбекжайдың әр жас ерекшелігі тобында балалардың барлық қызмет түрлерінде тәуелсіз, белсенді және мақсатты дамуы үшін жағдайлар жасалған. Топтардағы пәндік – кеңістіктік даму ортасы ұтымды ойластырылған, ыңғайлы, балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Жиһаздың, оқу, ойын және басқа жабдықтардың орналасуы қауіпсіздік техникасының, санитарлық – гигиеналық нормалардың, балалардың физиологиясының, баланың психикалық әл-ауқатының, оның дамуының талаптарына толық сәйкес келеді.

Кіші жас топтарында: танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, танымдық қызығушылықты белсендіретін жылжымалы ойыншықтар, ашық ойындарға арналған жабдықтар, ірі және ұсақ моториканы дамытуға арналған ойын құралдары, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар бар.

Ортаңғы жас топтарда: топтық бөлме білім беру ойыншықтарымен жабдықталған, лево, шығармашылыққа арналған материалдар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылықты арттыру үшін табиғи материалдар.

Ересек және мектепалды даярылық топ бөлмелері интеллектуалды қабілеттерді дамыту үшін бұрыштарда күрделі пазлдар, конструкторлар, қарапайым математикалық ұғымдар мен сауаттылық негіздерін игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сандар, сөздер, кестелер, үлкен қаріппен кітаптар, бояу беттері, сандар мен әріптермен баспа ойындары, ребустар, құралдар, балалар энциклопедиялары, жануарлар туралы иллюстрацияланған басылымдар орналастырылған планетаның өсімдіктер әлемі, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карталар, киіну бұрышы, театрдың әртүрлі түрлері, табиғат бұрышы, танымдықзерттеу жұмыстарына арналған құрылғылар, проектор.

Барлық топта бейнелеу өнеріне арналған материалдар мен құралдар: қарандаштар (қарапайым, түрлі түсті), бор, фломастерлер, бояулар, гуашь, қылқалам, сызғыш, сорғыш қағаз сүлгілер, пластмасса стақандары, түрлі түсті қағаздар бар.

Бөбекжайда: дене шынықтыру және музыка залы, мемлекеттік тілді үйренуге арналған кабинет, психолог, логопед және дефектолог кабинеттері, әдістемелік кабинет, физио және процедуралық кабинеттер жұмыс істейді.

Дене шынықтыру залы әртүрлі қозғалыстар мен спорттық ойындарға арналған спорттық жабдықтармен және құрылғылармен жабдықталған. Дене шынықтыру залында: жұмсақ спорт модулі, швед қабырғасы, гимнастикалық орындықтар, әртүрлі мөлшердегі шарлар, құрсаулар, лақтыруға арналған дорбалар, түрлі-түсті ленталар, жалаулар, жұмсақ текшелер, доғалар, арқан, түйреуіштер, жалпы дамыту жаттығуларын орындауға арналған текшелер бар. Балалардың эмоционалды көңіл-күйін қалыптастыру үшін залда музыкалық центр бар.

Музыкалық зал музыкалық аспаптармен және техникамен, интерактивті жабдықтармен жабдықталған.

Қазақ тілі кабинеті жиһазға (үстелдер, сөрелер, шкафтар), заманауи техникаға (проектор, компьютер, оқыту интерактивті кешендері), қазақ тілі бойынша көрнекі құралдарға, баспа құралдарына, стендтерге негізделген. Қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен дәстүрлерімен танысу үшін жақсы материалдар жиналды: ұлттық киім, тұрмыстық заттар, энциклопедиялар мен иллюстрациялар.

Бөбекжайдың әдістемелік кабинетінде үлгілік оқу бағдарламасы мен МЖМБС талаптарына сәйкес әдістемелік, оқу – тәрбие, түзету қызметіне арналған материал, ата-аналармен және тәрбиешілермен жұмыс істеуге арналған консультациялық

материал, көркем және энциклопедиялық әдебиеттер жеткілікті. Мемлекеттік, орыс тілдерінде бейне және аудио материалдарды жинақтау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Бөбекжай аумағына ағаштар, бұталар отырғызылды; гүлзарлар салынды. Балалардың ойын алаңдарында МАФ-тар (шағын архитектуралық нысандар): беседкалар, слайдтар, баспалдақтар, әткеншектер, карусельдер, орындықтар, үстелдер, секіргіш, спорт кешені орналасқан. Жыл сайын бөбекжайдың материалдық-техникалық базасы жаңа жабдықтармен толықтырылады.

Балалардың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін ата-аналармен тығыз байланыс жасалған. Ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын сақтау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсетілген.

Пәндік-дамытушы ортада заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісу қарастырылған. Зерттеу, зерделеу және бұйымдар жасауға арналған әртүрлі табиғи материалдар бар.

Балалар ойын жиһаздарымен қамтамасыз етілген: дүкен, шаштараз, дәріхана, табиғат орталығы, шығармашылық бұрыштары жасақталған. Балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, орналастыру, сыдырмақтар, жалаушалар, доптар, атрибуттар, даму ойындары және т.б. құралдар, дидактикалық және үлестірімелі материалдар бар.

Мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілерінің МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдері жас ерекшелігіне сәйкес сақталған. Заттық-кеңістік дамытушы орта білім беру салаларын кіріктіру ұстанымдары ескеріліп құрылған. Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылған.

Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры: бөбекжайда электрондық ресурстар базасы бар:

- стационарлық компьютер – 6 дана.
- ноутбук-2 дана.
- теледидар-1 дана.
- магнитофон -2 дана.
- "музыкалық киіз үй" оқыту кешені -1 дана.
- сиқырлы қалам -2 дана.
- сканер - 6 дана.
- принтер - 7 дана.
- проектор -1 дана.
- экран -1 дана.
- интернет желісі.

Мерзімді түрде бөбекжай топтарындағы кітапхана қоры, әдістемелік кабинетте жаңартылып толықтырылып отырады. Бөбекжайда баланың жеке басын толыққанды қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасалған.

Пәндік - кеңістіктік даму ортасының мазмұны балалардың мүдделеріне сәйкес келеді, мезгіл-мезгіл өзгереді, үнемі байытылады, балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне назар аударады. (4-қосымша).

Ұйымдастырылған қызметте пайдалынатын оқу-әдістемелік кешендер тізбесі қоса берілді. (5-қосымша).

Педагогтер туралы мәлімет 2-қосымшада берілген. Оның ішінде:

- 1) **2020-2021** оқу жылының педагог кадрлары бойынша 31 педагог жұмыс атқарған, жоғары білімді – 17 педагог 54,8%, арнаулы орта білім-14 педагог 45,2%; мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мамандығы бойынша – 27 педагог 100%. Осы педагогтардың жоғарғы санатты-10 педагог 33%, I санатты педагог- 1 педагог 3%, Педагог зерттеуші-1 педагог 3%; Педагог-модератор – 4 педагог 13%. Санатсыз-15 педагог 48%;
- 2) **2021-2022** оқу жылы бойынша бойынша 33 педагог жұмыс атқарған. жоғары білімді – 24 педагог 72,7%, арнаулы орта – 9 педагог 27,3% мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мамандығы бойынша – 27 педагог 100%; жоғары санат – 9 педагог 27,3%, I санатты педагог- 1 педагог 3%; Педагог-зерттеуші – 3 педагог 9%. Педагог модератор – 4 педагог 12%. Санатсыз – 16 педагог 48,5%.
- 3) **2022-2023** оқу жылдары бойынша 33 педагог жұмыс атқарған, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мамандығы бойынша – 27 педагог 100%; жоғары білім – 24 педагог 72,7%; арнаулы орта – 9 педагог 27,3%; жоғары санат – 8 педагог 24%; I санатты педагог – 1 педагог 3%, Педагог-зерттеуші – 3 педагог 9%. Педагог модератор – 4 педагог 12%. Санатсыз – 17 педагог 51,5 %.

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан өткендігі туралы сертификат саны – 37 дана, 100% құрайды.

- 4) **Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;**

Мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг талапқа сай жүргізілген.

2020-2021 оқу жылындағы мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің қорытынды мониторинг нәтижесі бойынша:

«Денсаулық» білім беру саласы бойынша: I деңгейде – 1 бала 0,4%, II деңгейде – 57 бала 24,6%; III деңгейде – 174 бала 75%;

«Қатынас» білім беру саласы бойынша: I деңгейде – 4 бала 2%; II деңгейде – 70 бала 30%; III деңгейде – 158 бала 68%;

«Таным» білім беру саласы бойынша: I деңгейде – 1 бала 0,4%; II деңгейде – 52 бала 22,4%; III деңгейде – 179 бала 77,2%;

«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша: I деңгейде – 2 бала 1%; II деңгейде – 80 бала 34%; III деңгейде – 150 бала 65%;

«Әлеуметтік орта» білім беру саласы бойынша: I деңгейде – 1 бала 0,4%; II деңгейде – 74 бала 31,9%; III деңгейде – 157 бала 67,7%;

2021-2022 оқу жылындағы мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің қорытынды мониторинг нәтижесі бойынша:

«Денсаулық» білім беру саласы бойынша: I деңгейде – 4 бала 1%, II деңгейде – 85 бала 27%; III деңгейде – 230 бала 72%;

«Қатынас» білім беру саласы бойынша: I деңгейде – 4 бала 1%; II деңгейде – 110 бала 34%; III деңгейде – 205 бала 65%;

«Таным» білім беру саласы бойынша: I деңгейде – 4 бала 1%; II деңгейде – 85 бала 27%; III деңгейде – 230 бала 72%;

«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша: I деңгейде – 3 бала 1%; II деңгейде – 92 бала 29%; III деңгейде – 224 бала 70%;

«Әлеуметтік орта» білім беру саласы бойынша: I деңгейде – 5 бала 2%; II деңгейде – 77 бала 24%; III деңгейде – 237 бала 74%;

2022-2023 оқу жылында жүргізілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша біліктер мен дағдылардың даму нәтижесінде:

«Физикалық қасиеттерді дамыту» жоғары – 235 бала 75,6%; орташа – 70 бала 22,5%; төмен – 6 бала 1,9%;

«Коммуникативтік дағдыларды дамыту» жоғары – 222 бала 71%, орташа – 84 бала 27%; төмен – 5 бала 2%;

«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» жоғары – 226 бала 72,7%; орташа – 80 бала 25,7%, төмен – 5 бала 1,6%;

«Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетін дамыту жоғары – 227 бала 73%, орташа – 79 бала 25%, төмен – 5 бала 2%;

«Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» жоғары – 236 бала 76%, орташа – 71 бала 23%, төмен – 4 бала 1%.

«Бақылау парағы» толтырылған. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға Баланың жеке даму картасы толтырылған. Мониторинг нәтижелері бойынша даму деңгейлері I, II деңгейдегі балалармен қосымша жеке жұмыстар жүргізілген. Баланың жеке даму картасының «Дамыту, түзету іс-шаралары» бөлімінде мониторинг нәтижелері бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын толтырған.

5) Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;

Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілген. Нәтижелер

«Бақылау парағында» толтырылған. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға Баланың жеке даму картасы толтырылған. Мониторинг нәтижелері бойынша даму деңгейлері I, II деңгейдегі балалармен қосымша жеке жұмыстар жүргізілген. Баланың жеке даму картасының «Дамыту, түзету іс-шаралары» бөлімінде мониторинг нәтижелері бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын толтырған. Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші басқа да педагогикалық қызметкерлермен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырған.

**Балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі
2020-2021 оқу жылы (бастанқы)**

Р/с №	Дағдылар тізбесі	Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)							
		Орта жас (3 жастан бастап)		Ересек жас (4 жастан бастап)		Мектепалды жасы (5 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/ балалар дың саны*	Дағды ларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалар дың саны*	Дағды ларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалар дың саны*	Дағды ларды игерген балалар саны %*	Барлы ғы топта р саны/ балал ардың саны*	Барлығы дағды ларды игерген балалар саны %*
1	2	7	8	9	10	11	12	13	14
1	Денсаулық сақтау	5/95	32/33,7%	2/45	1/2,2%	5/79	14/17,7%	12/219	47/21,5%
2	Коммуникативті- тілдік	5/95	18/18,9%	2/45	0/0%	5/79	19/24,1%	12/219	37/16,9%
3	Танымдық	5/95	24/25,3%	2/45	0/0 %	5/79	18/22,8%	12/219	42/19,2%
4	Әлеуметтік	5/95	21/22,1%	2/45	0/0%	5/79	30/38%	12/219	51/23,3%
5	Шығармашылық	5/95	32/33,7%	2/45	0/0%	5/79	17/21,5%	12/219	49/22,4%

**Балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі
2021-2022 оқу жылы (бастанқы)**

Р/с №	Дағдылар тізбесі	Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)							
		Орта жас (3 жастан бастап)		Ересек жас (4 жастан бастап)		Мектепалды жасы (5 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/ балалар дың саны*	Дағды ларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалар дың саны*	Дағды ларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалар дың саны*	Дағды ларды игерген балалар саны %*	Барлы ғы топтар саны/ балала рдың саны*	Барлығы дағды ларды игерген балалар саны %*
1	2	7	8	9	10	11	12	13	14
1	Денсаулық сақтау	4/88	0/0%	4/93	9/9,7%	4/107	9/8,4%	12/288	18/6,3%
2	Коммуникативті- тілдік	4/88	0/0%	4/93	2/2,2%	4/107	10/9,3%	12/288	12/4,2%
3	Танымдық	4/88	4/4,5%	4/93	12/12,9%	4/107	6/5,6%	12/288	22/7,6%
4	Әлеуметтік	4/88	0/0%	4/93	14/15,1%	4/107	4/3,7%	12/288	18/6,3%
5	Шығармашылық	4/88	10/11,4%	4/93	15/16,1%	4/107	8/7,4%	12/288	33/11,5%

2022-2023 оқу жылында тәрбиеленушілердің даму мониторингісі (бастапқы)

Р/с №	Дағдылар тізбесі	Бөбек жасы (1-3 жас)				Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)					
		Кіші жас (2 жастан бастап)		Орта жас (3 жастан бастап)		Ересек жас (4 жастан бастап)		Мектепалды жасы (5 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалардың саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалардың саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалардың саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалардың саны %*	Барлығы топтар саны/балалардың саны*	Барлығы дағдыларды игерген балалардың саны %*
1	2	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
1	Физикалық қасиеттерді дамыту	2/49	3/6,1%	2/58	10/17,2%	4/103	8/7,8%	4/114	35/30,7%	12/324	56/17,3%
2	«Коммуникативтік дағдыларды дамыту	2/49	0/0%	2/58	5/8,6%	4/103	3/2,9%	4/114	9/7,9%	12/324	17/5,2%
3	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	2/49	1/2%	2/58	6/10,3%	4/103	2/1,9 %	4/114	20/17,5%	12/324	29/9%
4	Шығармашылық дағдыларын дамыту	2/49	1/2%	2/58	7/12,1%	4/103	8/7,8%	4/114	23/20,2%	12/324	39/12%
5	Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды дамыту					4/103	2/1,9%	4/114	26/22,8%	12/217	28/8,6%

6) Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;

Балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі 2020-2021 оқу жылы (қорытынды)

Р/с №	Дағдылар тізбесі	Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)							
		Орта жас (3 жастан бастап)		Ересек жас (4 жастан бастап)		Мектепалды жасы (5 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалардың саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалардың саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалардың саны %*	Барлығы топтар саны/балалардың саны*	Барлығы дағдыларды игерген балалардың саны %*
1	2	7	8	9	10	11	12	13	14
1	Денсаулық сақтау	5/104	68/65,4%	2/44	35/79,5%	5/84	71/84,5%	12/232	174/75%
2	Коммуникативті-тілдік	5/104	60/57,7%	2/44	32/72,7%	5/84	65/77,4%	12/232	157/67,7%
3	Танымдық	5/104	67/64,4%	2/44	39/88,6 %	5/84	73/86,9%	12/232	179/77,2%
4	Әлеуметтік	5/104	49/47,1%	2/44	36/81,8%	5/84	65/77,4%	12/232	150/64,7%
5	Шығармашылық	5/104	57/54,8%	2/44	32/72,7%	5/84	68/81%	12/232	157/67,7%

Балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі 2021-2022 оқу жылы (қорытынды)

P/c №	Дағдылар тізбесі	Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)							
		Орта жас (3 жастан бастап)		Ересек жас (4 жастан бастап)		Мектепалды жасы (5 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Барлығы топтар саны/ балалардың саны*	Барлығы дағдыларды игерген балалар саны %*
1	2	7	8	9	10	11	12	13	14
1	Денсаулық сақтау	4/100	85/85%	4/106	64/60,4%	4/113	81/71,7%	12/319	230/72,1%
2	Коммуникативті-тілдік	4/100	83/83%	4/106	49/46,2%	4/113	69/61,1%	12/319	201/63%
3	Танымдық	4/100	92/92%	4/106	58/54,7%	4/113	77/68,1%	12/319	227/71,2%
4	Әлеуметтік	4/100	89/89%	4/106	57/53,8%	4/113	75/66,4%	12/319	221/69,3%
5	Шығармашылық	4/100	89/89%	4/106	60/56,6%	4/113	84/74,3%	12/319	233/73%

2022-2023 оқу жылында тәрбиеленушілердің даму мониторингісі (қорытынды)

P/c №	Дағдылар тізбесі	Бөбек жасы (1-3 жас)				Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)					
		Кіші жас (2 жастан бастап)		Орта жас (3 жастан бастап)		Ересек жас (4 жастан бастап)		Мектепалды жасы (5 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/ балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Барлығы топтар саны/ балалардың саны*	Барлығы дағдыларды игерген балалар саны %*
1	2	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
1	Физикалық қасиеттерді дамыту	2/50	30/60%	2/60	46/76,7%	4/105	80/76,2%	4/96	79/82,3%	12/311	235/75,6%
2	«Коммуникативтік дағдыларды дамыту	2/50	32/64%	2/60	43/71,7%	4/105	72/68,6%	4/96	75/78,1%	12/311	222/71,4%
3	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	2/50	32/64%	2/60	42/70%	4/105	74/70,5 %	4/96	78/81,3%	12/311	226/72,7%
4	Шығармашылық дағдыларын дамыту	2/50	31/62%	2/60	44/73,3%	4/105	75/71,2%	4/96	77/80,2%	12/311	227/73%
5	Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды дамыту	2/50	33/66%	2/60	46/76,7%	4/105	79/75,2%	4/96	78/81,3%	12/311	236/75,9%

3. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар

- 1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

2020-2021 оқу жылында №3 «Балапан», №9 «Шағала», №11 «Ақбота» 3-4 жас ортаңғы қазақ топтарында «Денсаулық»-108, «Коммуникация»-72, «Таным»-90, «Шығармашылық» -108 сағатты құраған. «Әлеуметтік орта»-18 сағатты құраған. Жылдық оқу жүктемесі-396 сағат және вариативте-36 сағатты құраған. №5 «Бөбектер», №6 «Қызғалдақ», 3-4 жас ортаңғы орыс топтарында «Денсаулық»-108, «Коммуникация»-90, «Таным»-90, «Шығармашылық» -108 сағатты құраған. «Әлеуметтік орта»-18 сағатты құраған. Жылдық оқу жүктемесі-414 сағат және вариативте-18 сағатты құраған.

№4 «Айгөлек», №12 «Ақтолқын» 4-5 жас ересек орыс топтарында «Денсаулық»-108, «Коммуникация»-108, «Таным»-90, «Шығармашылық» -126 сағатты құраған. «Әлеуметтік орта»-18 сағатты құраған. Жылдық оқу жүктемесі-450 сағат және вариативте-54 сағатты құраған.

МАД №7 «Бәйшешек», №13 «Балдырған» 5-6 жас қазақ топтарында «Денсаулық»-108, «Коммуникация»-180; «Таным»-90, «Шығармашылық»-180, «Әлеуметтік орта» -54 сағатты құраған. Жылдық оқу жүктемесі-612 сағат және вариативте-108 сағатты құраған. МАД №8 «Жұлдыздар», №10 «Гүлдер», №14 «Балауса» 5-6 жас орыс топтарында «Денсаулық»-108, «Коммуникация»-216; «Таным»-90, «Шығармашылық»-180, «Әлеуметтік орта» -54 сағатты құраған. Жылдық оқу жүктемесі-648 сағат және вариативте-72 сағатты құраған.

2021-2022 оқу жылында №3 «Балапан», №13 «Балдырған» 3-4 жас ортаңғы қазақ топтарында «Денсаулық»-108, «Коммуникация»-72, «Таным»-90, «Шығармашылық» -108 сағатты құраған. «Әлеуметтік орта»-18 сағатты құраған. Жылдық оқу жүктемесі-396 сағат және вариативте-36 сағатты құраған. №5 «Бөбектер», №6 «Қызғалдақ» 3-4 жас ортаңғы орыс топтарында «Денсаулық»-108, «Коммуникация»-90, «Таным»-90, «Шығармашылық» -108 сағатты құраған. «Әлеуметтік орта»-18 сағатты құраған. Жылдық оқу жүктемесі-414 сағат және вариативте-18 сағатты құраған.

№9 «Шағала», №11 «Ақбота» 4-5 жас ересек қазақ топтарында «Денсаулық»-108, «Коммуникация»-90, «Таным»-90, «Шығармашылық» -126 сағатты құраған. «Әлеуметтік орта»-18 сағатты құраған. Жылдық оқу жүктемесі-432 сағат және вариативте-72 сағатты құраған. №4 «Айгөлек», №14 «Балауса» 4-5 жас ересек орыс топтарында «Денсаулық»-108, «Коммуникация»-108, «Таным»-90, «Шығармашылық» -126 сағатты құраған. «Әлеуметтік орта»-18 сағатты құраған. Жылдық оқу жүктемесі-450 сағат және вариативте-54 сағатты құраған.

МАД №7 «Бәйшешек» 5-6 жас қазақ тобында «Денсаулық»-108, «Коммуникация»-180; «Таным»-90, «Шығармашылық»-180 сағатты құраған. «Әлеуметтік орта» -54 сағатты құраған. Жылдық оқу жүктемесі-612 сағат және вариативте-108 сағатты құраған. МАД №8 «Жұлдыздар», №10 «Гүлдер», №12 «Ақтолқын» 5-6 жас орыс топтарында «Денсаулық»-108, «Коммуникация»-216; «Таным»-90, «Шығармашылық»-180 сағатты құраған. «Әлеуметтік орта» -54 сағатты құраған. Жылдық оқу жүктемесі-648 сағат және вариативте-72 сағатты құраған.

2022-2023 оқу жылында Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекет өткізілген. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінген.

№8 «Жұлдыздар», №9 «Шағала», №10 «Гүлдер», №14 «Балауса» (5 жастан бастап) МАД топтарында «Физикалық қасиеттерді дамыту»-108, «Коммуникативтік дағдыларды дамыту»-324; «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту»-108, «Шығармашылық дағдыларын»-108 сағатты құраған. «Әлеуметтік орта» -72 сағатты құраған. Жылдық оқу жүктемесі-720 сағат және вариативте-108 сағатты құраған.

11. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

1) Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

2020-2021 оқу жылында бөбекжайда 304 бала қамтылған, мектепалды даярлық топта 116 бала қамтылған.

2021-2022 оқу жылында бөбекжайда 336 бала қамтылған, мектепалды даярлық топта 128 бала қамтылған.

2022-2023 оқу жылында бөбекжайда 309 бала қамтылған, мектепалды даярлық топта 94 бала қамтылған.

2022-2023 оқу жылында бөбекжайдың <http://sad43.skomb.kz> сайтында жүктелген тәрбиеленушілерінің топтарға қарай жинақталған саны төмендегіше:

- №3 «Балапандар» кіші тобы (2-3 жастағы балалар) – 25 тәрбиеленуші;
- №6 «Қызғалдақ» кіші топ (2-3 жастағы балалар) – 25 тәрбиеленуші
- №5 «Бөбектер» ортаңғы топ (3-4 жастағы балалар)-29 тәрбиеленуші
- №11 «Ақбота» ортаңғы топ (3-4 жастағы балалар)-27 тәрбиеленуші
- №4 «Айгөлек» ересек топ (4-5 жастағы балалар)-27 тәрбиеленуші
- №7 «Бәйшешек» ересек топ (4-5 жастағы балалар)-25 тәрбиеленуші
- №12 «Ақтолқын» ересек топ (4-5 жастағы балалар)-27 тәрбиеленуші
- №13 «Балдырған» ересек топ (4-5 жастағы балалар)-26 тәрбиеленуші
- №8 «Жұлдыздар» МАД топ (5-6 жастағы балалар)-22 тәрбиеленуші
- №9 «Шағала» МАД топ (5-6 жастағы балалар)-23 тәрбиеленуші
- №10 «Гүлдер» МАД топ (5-6 жастағы балалар)-23 тәрбиеленуші
- №14 «Балауса» МАД топ (5-6 жастағы балалар)-26 тәрбиеленуші

Балалар тізімі жасақталып бекітілген. Мектепке дейінгі жас – 3-5 жастағы балалар қамтылған. Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталған. Бөбекжайда топтарды жинақтау барысында балалардың жас ерекшелігі сақталған. Оқу жылдарында топтарда балалардың жас кезеңділігі бойынша жинақтау жұмыстары жүргізілген. Топтар жас кезеңдерімен іріктелген, жас ерекшелігі сәйкес келеді.

2) Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Мектепке дейінгі ұйымға балаларды қабылдау бойынша балалардың қозғалысы 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылында жүзеге асырылған. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл. Білім беру ұйымында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі сақталған.

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушыларының сауалнамасының нәтижелерін талдау.

Сауалнамаға МАД топтарынан 100 ата-ана қатысып, оның 89,3% тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанатындығын көрсеткен. Бағалау өлшеуіштер 5 баллға сәйкес.

Педагогтердің сауалнамасы нәтижесінде 28 қатысып, оның 94% сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған. Бағалау өлшеуіштер 5 баллға сәйкес.

Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша комиссия құрамы Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№43 «Батыр» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын мемлекеттік мекемесі білім беру қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жүргізгенін мәлімдейді.

Комиссия төрағасы:

Токсабаева Жадра Шавкаровна

(Тегі, аты, әкесінің аты (болғанжағдайда),

Комиссия мүшелері

Мырзағұл Бақыт Жантуғанқызы

(Тегі, аты, әкесінің аты (болғанжағдайда),

Айтбаева Батима Боранбаевна

(Тегі, аты, әкесінің аты (болғанжағдайда),

Кошакова Гүлден Бердиевна

(Тегі, аты, әкесінің аты (болғанжағдайда),

Наурызбаева Алия Маратовна

(Тегі, аты, әкесінің аты (болғанжағдайда),



КОЛЫ

КОЛЫ

КОЛЫ

КОЛЫ

КОЛЫ

Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
«№43 «Батыр» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске
асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттары

№	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100%	5
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	80%-дан төмен	2
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100%	5
4	Білім беру ұйымының ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	95-99%	4
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022жылғы 12қаңтардағы №6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	95 - 99 %	4
6	ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	95-99%	4
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі	100 %	5
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	89,3%- ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	5
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	94% - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	5
Қорытынды			39 «жақсы»

Қорытынды: Өзін-өзі бағалау комиссиясының 2023 жылғы 31 шілдедегі қорытындысына сәйкес Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№43 «Батыр» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес «жақсы» деп бағаланды.

Комиссия төрағасы:

Токсабаева Жадра Шавкаровна

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда),

Комиссия мүшелері

Мырзағұл Бақыт Жантуғанқызы

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда),

Айтбаева Батима Боранбаевна

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда),

Кошакова Гүлден Бердиевна

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда),

Наурызбаева Алия Маратовна

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда),



қолы)

қолы)

қолы)

қолы)

қолы)